

ӘОЖ 581.1
ҒТАМР 34.31.01

КӨГАЛДАНДЫРУ ҮШІН БАҚША РАУШАНДАРЫН ӨСІРУДІҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

¹Атаева Г.М., ¹Саматова А.Е.

*¹Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан
e-mail: altusha_02.93@mail.ru*

Аңдатпа

Мақалада көгалдандыру үшін Ақтөбе облысы жағдайында түрлі бақша раушандарының морфобиологиялық, фенологиялық және сәндік ерекшеліктері сипатталған.

Әлемдік ауқымда 35 мыңға жуық раушан сорттары бар, олар шығу-тегі, биологиялық және сәндік ерекшеліктеріне сәйкес 10 бақшалық раушан топтарына бірігеді.

Сәндік бағбандықта атақты және өндірістік гүл бақшаларының топтарына: шай – гибридті, флорибунда, грандифлора, өрлемелі және жартылай өрлемелі, полиантты, майда, ругоз, ағылшын раушандары, топырақ жамылмалы түрлері белгілі.

Кілтті сөздер: бақша раушандары, морфобиологиялық сипат, фенологиялық сипат, интродукция.

БИОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ КУЛЬТИРОВАНИЯ САДОВЫХ РОЗ ДЛЯ ОЗЕЛЕНЕНИЯ ЛАНДШАФТА

Атаева Г.М., Саматова А.Е.

*Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, г. Актөбе, Казахстан
e-mail: altusha_02.93@mail.ru*

Аннотация

В статье представлено описание морфобиологических, фенологических, декоративных особенностей, сформированного на основании комплексной сортооценки нового сорта садовых роз, перспективных для использования в различных видах озеленения, а также для селекции в условиях Актюбинской области.

Этот перспективный сорт включает 35 тысяч сортов зарубежной и отечественной селекции из 10 наиболее распространенных в декоративном садоводстве и промышленном цветоводстве садовых групп роз: чайно-гибридной, флорибунда, грандифлора, плетистой, полуплетистой, миниатюрной, полиантовой, почвопокровной, Роз Кордеса.

Ключевые слова: садовые розы, морфологические и фенологические особенности, интродукция

BIOLOGICAL FEATURES OF THE CULTIVATION OF GARDEN ROSES FOR LANDSCAPING

Ataeva G.M., Samatova A.E.

Aktobe Regional State University named after Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan

e-mail: altusha_02.93@mail.ru

Annotation

As the result of this work on the basis of a comprehensive varieties evaluation the new assortment of garden roses, promising for different kinds of landscaping, as well as for breeding in the conditions of Aktobe.

This promising assortment includes 35000 varieties of foreign and domestic breeding from 10 the most popular in ornamental horticulture and floriculture industry groups of garden roses: hybrid tea, floribunda, grandiflora, climbing, shrub, miniature, polyanthus, groundcover, Rose Kordes.

Keywords: garden roses, morphological and phenological features, introduction.

Осы заманғы бәсекеге қабілетті туризм және жалпы еліміздің индустриясын қалыптастыру үшін ұйымдастырушылық және инновациялық негіздерді дамыту өзекті мәселе болып табылады. Ұйымдастырушылық, инновациялық негіздер астарында жоғары талғаммен көгалдандырылған, әрі көздің жауын алатын ландшафтты көркейту жатыр. Бақ немесе ландшафтық дизайндағы композиция түсінігі – кеңістіктегі бақ немесе оның компоненттерінің сәйкестенуі болып табылады. Раушанның бірнеше сорттарын біріктіре алудың негізінде көркем көрініс тудыруға болады. Ол бордюрлерді, жолды немесе кез келген ғимаратты көркейте алады. Кез келген жазық алаңды көгалдандырудың осындай элементі көркем болады.

Қазіргі заманның басымдылық көрсететін міндеттерінің бірі – адамның қоршаған ортасын оңтайландыру. Адамның өмірін ыңғайлы, әрі оңтайлы жағдай жасауда маңызды рөлді халық қоныстанған аймақтарды көгалдандыру болып саналады. Осы мәселеге байланысты ботаникалық бақылаудың интродукциясы мен селекциясы басты міндет болып табылады, нәтижесінде көгалдандыру үшін жергілікті жердің климатына оңтайлы өсімдіктердің ауқымы жаңарады және көбейеді [1].

Осыған орай, Қ. Жұбанов атындағы АӨУ-нің «Жұбанов саябағында» интродукция, интродукциялық танып-біліу және бақша раушандарының сорттарына жүйелі баға беру арқылы Ақтөбе қаласын көгалдандыру үшін перспективті раушан сорттарын таңдау.

Әлемдік ауқымда 35 мыңға жуық раушан сорттары бар, олар шығу-тегі, биологиялық және сәндік ерекшеліктеріне сәйкес 10 бақшалық раушан топтарына бірігеді [2]. Сәндік бағбандықта атақты және өндірістік гүл бақшаларының топтарына: шай – гибридті, флорибунда, грандифлора, өрлемелі және жартылай өрлемелі, полиантты, майда, ругоз, топырақ жамылмалы түрлері белгілі [3, 4].

Зерттеу мақсаты - Ақтөбе облысы жағдайында жақсы өсетін раушан гибридтерін таңдау.

Зерттеу нысаны ретінде ағылшындық және шай-гибридті раушандар тобына жататын 3 бақша раушан сорттары (Red magic, Gloria Dei, Graham Thomas) алынды.

Раушан гүлдерінің сорттарына фенологиялық бақылау негізінде төмендегі критерийлер бойынша баға берілді: бұтаның морфологиялық ерекшеліктері, гүлдеу ұзақтығы, гүл мен бұтаның сәндік қасиеттері, аурулар мен зиянкестерге бейімділігі,

гүлшоғыры, гүлі. Сонымен қатар гүлдің реңі және оның күн көзіне күйіп кетпеуге төзімділігі, гүлдің мөлшері, гүл пішіні мен гүлшоғыры, иісі, гүлдің қолайсыз жағдайға төзімділігі, бұта формасы, жапырақтары, сорттың түпнұсқалылығы, гүлдің көптігі, гүлдің жалпы жағдайы секілді белгілері ескеріледі [5].

Раушан гүлдеріне салыстырмалы кешенді баға беру арқылы ағылшын раушанының 1 сорты мен шай-гибридті раушандарының 2 сорттарын Ақтөбе облысында өсіруге ұсыныс беру арқылы интродукциялық сипаттама бере алдық.

Ақтөбе қаласы жағдайында раушан гүлдердің кең тараған буданына Шай гибриді жатады.

Шай-гибриді (Chg.). Бүгінгі күні ең көп таралған сорт шаймен Ремонттантты раушанды будандастыруы нәтижесінде пайда болды. Ля Франс шай-гибридті раушанның бірінші сортын 1867 жылы Францияда Гийо алды. Бүгінгі таңда ассортимент үнемі жетілдіріліп отыруда. Глория Дей, Супер-Стар, Баккара сияқты сорттар кеңінен танымал. Соңғы 20 жылда раушандар гүлдердің жаңа түпнұсқалық түстерімен алынды. Олардың арасында көгілдір-сирень (Майнцер Фастнахт, Интермеццо, Сильвер Стар), екі түсті "түрлі түсті" (Роз Гожар, Пикадилли, Бразилия, Баяццо Саопенз), кара-қызыл (Оклахома, Мейян), отты-қызыл (Аллегро, Оранж Дельбар, Қызыл магия), алтын-сары және қоңыр-қола (Кроне, Вннер Чарм). Шай гибриді раушанның ақ сорттарының кең ассортименті (Вирго, Паскали, Джон Кеннеди, Атена). Шайгибридті раушанның гүлдеуі маусым айының соңынан басталады және аязға дейін аз үзілістермен жалғасады. Бұталары 60-80 см-ге дейін жетеді. Бұны ашық алаңды гүлмен безендіру үшін кеңінен қолданады. Ақтөбенің климаттық жағдайларында олар мұқият жабуды қажет етеді, себебі -8—10°C үзіп қалу қаупі бар. Раушандар көбінесе қалемшелермен көбейеді [6].

'Gloria Dei' (F. Meilland, 1945). Сарғылт реңі, нәзік иісімен ерекшеленетін ұзақ гүлдейтін раушан сорты. Ауа-райының келеңсіз жағдайларына төзімді және жақсы қыстайды. Ерекше бағалануының себебі – гүл диаметрі 15 см-ге дейін жетеді. Бұта биіктігі 1,2 м-ге дейін.

'Red Magic' (Tantau, 1997). Қызыл магия – қанық қызыл түсті, түкті және әлсіз раушан майы иісі бар гүлі болады. Орталық гүл түйіні кеш ашылады, соның есебінен гүлдеу уақыты ұзақ. Бұта биіктігі 100 см, гүл диаметрі 8-10 см. Аязды, салқын ауа-райына, әртүрлі фитопатогенді ауруларға төзімді. Жартылай көлеңке және ашық кеңістікте өседі [7].

Ағылшын раушан тобы (English Rose)– салыстырмалы түрде жаңа сорт. Көпжылдық өсімдіктерден әлемдік көгалдандыру үшін қолданылатын гүлдерден ағылшын гүлдері алдыңғы қатарда. Ол *Rosa galica* (француз раушаны), *Rosa damascene* (дамаск раушаны) және *Rosa bourbon* (бурбон раушаны) сорттарын шай-гибридті раушандар тобына жататын флорибундамен шағылыстыру нәтижесінде пайда болған. Бұта биіктіктері 250 см-ге жетеді. Ерекшелігі сол, гүлшоғыры формасының әртүрлілігімен көзге түседі. Гүл диаметрі 12 см құрайды. Бұл гүлдердің артықшылығы – хош иісті болуы.

'Graham Thomas' (English Rose, 1983). Англияда сары түсті раушан – махаббат символы. Бұтадан шамамен 6-8 гүл шығады, иісі нәзік. Вирустар мен ауруларға толерантты. Бұл сортты қысқартып, қиып тұру қажет, себебі 200 см-ге дейін өсіп кетеді [8, 9].


5.06.2020 жылы Ақтөбе облысы Маржанбұлақ ауылының жеке үй үлескесінде шай-гибридті және ағылшын бақша раушандарының 3 сорты өсірілді. Бұл сорттар жер теліміне көшетпен отырғызылды. Отырғызу барысында агротехникалық шаралар ескерілді. Нәтижелер орташа көрсеткіштермен берілді (кесте 1).

Кесте 1 – Раушан сорттарының салыстырмалы морфологиялық көрсеткіштері

	'Red Magic'	'Gloria Dei'	'Graham Thomas'
Көшет ұзындығы	9	10	8
Бұта биіктігі	54	47	45
Нағыз жапырақ ұзындығы	4	2	3
Гүл диаметрі	7	6	6

Есепке раушандардың гүлдеген уақыты тіркелді. Мәселен, Red Magic 4.07 алғашқы гүлін жарса, Gloria Dei 16.07, Graham Thomas 12.07 күні гүлдеді. Есепке алған күннен бастап раушан сорттарының гүлдеу ұзақтықтары саланды: Red Magic 56 күн, Gloria Dei 24 күн, Graham Thomas 30 күн. Red Magic сорты гүлінің ортасында гүл түйіні кеш ашылады және гүлдеу жиілігі бойынша тез болғандықтан гүлдеу ұзақтығы мейлінше көп.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, барлық көрсеткіштер бойынша 'Red Magic' сорты басымдылық көрсетті (сурет 1).



Сурет 1 – Түрлі раушан сорттарының бұта биіктігі мен гүл диаметрі бойынша көрсеткіші

Түрлі раушан сорттарының Ақтөбе облысы жағдайына адаптациялық деңгейлері (Кесте 2) бойынша Red Magic гүлдеу ұзақтығы, гүл реңі, пішіні, иісі, гүлдің қолайсыз жағдайларға төзімділігі, фитопатогенді аурулар мен зиянкестерге жоғары төзімділігі, қысқы мерзімге бейімділігі бойынша жоғары баға алды.

Кесте 2 – Ағылшын және шай-гибридті раушан сорттарына интегралды баға беру

Бағалау критерийі	Раушан сорттары		
	'Red Magic'	'Gloria Dei'	'Graham Thomas'
Гүлдеу ұзақтығы	96	82	85
Гүлдің морфологиялық / сәндік қасиеттері:			
- гүлдің рені;	100	100	100
- гүл пішіні;	100	100	100
- гүл иісі;	100	100	100
- гүлшоғыры;	92	90	88
- гүлдің қолайсыз жағдайға төзімділігі;	96	94	60
- гүлдің мөлшері;	52	50	50
-гүлдің көптігі	88	86	48
Бұтаның морфологиялық / сәндік қасиеттері:			
- бұта формасы;	88	86	82
- бұта биіктігі	50	48	46
Жапырақтың морфологиялық қасиеттері:			
- жапырақ пішіні;	90	90	90
- жапырақ мөлшері	90	90	90
Аурулар мен зиянкестерге бейімділігі	100	90	86
Гүлшоғыры	100	100	100
Сорттың түпнұсқалылығы	100	100	100
Қысқа төзімділігі	100	100	100
Көбеюге қабілеттілік	50	50	50
Перспективалық топ	I	II	II

*Ескерту: бағалау жүйесі 100-баллдық жүйемен бағаланды.



'Red Magic'



'Gloria Dei'



'Graham

Thomas'

Сурет 2 - Ағылшын және шай-гибридті раушан сорттары

Қорытынды

Раушан гүлдерінің сорттарына фенологиялық бақылау негізінде төмендегі критерийлер бойынша баға берілді: бұтаның морфологиялық ерекшелігі, гүл реңі, гүл диаметрі, гүлдеу ұзақтығы. Барлық критерий бойынша Red Magic раушаны басым болды.

Раушан сорттарын интродукциялық талдау барысында мынадай қорытындыға келуге болады, ағылшын және шай-гибридті раушан сорттары Ақтөбе облысының климаты мен жағдайына төзімді. Демек, бұл раушан гүлдерінің негізгі артықшылығы – ерте гүлдеу, жағымды, нәзік иісі, түкті, әрі реңді күлтежапырақтары, гүлдеу уақытының ұзақтығы. Дегенмен, қалыпты жағдайда ағылшын және шай-гибридті раушан гүлдерінің бұтағы биіктігі 100 см-ден жоғары болуы тиіс. Зерттеу жұмысымыздың жағдайында гүлдің орташа биіктігі 50 см. Әлі де интродукциялық талдау жүргізумен қатар, агротехникалық шаралармен де танысу жүретін болады.

Пайдаланған деректер тізімі

1. Repetskaya A.I., Savushkina I.G., Leonov V.V., Kirpichiova L.F., The Botanical Garden of Taurida National V.I. Vernadsky University, p.232. (Lybid, Kiev, 2008)
2. Modern Roses, (The American Rosa Society Shreveport, Louisiana) – 12,576 (2007).
3. Репецкая А.И. Аннотированный каталог растений Ботанического сада Крымского федерального университета имени В.И. Вернадского / под ред. А.И. Репецкой. - Симферополь: ИТ "АРИАЛ", 2014. - 184 с.
4. Городняя Е.В. Коллекция роз Ботанического сада Таврического национального университета им. В.И. Вернадского / Е.В. Городняя, А.В. Томилко, С.В. Максимов // Перспективы интродукции декоративных растений в ботанических садах и дендропарках : международ. науч. конф., 23-26 сент. 2014г. : тезисы док. - Симферополь, 2014. - С. 23-24.
5. Клименко В.Н. Методика первичного сортоизучения садовых роз / В.Н. Клименко, З.К. Клименко. – Ялта : ГНБС, 1971. - 20 с.
6. Сушкой К.А., Бессчетнова М.В. «Розы» - Алма-Ата:2001.
7. Соколова, Т. А. Декоративное растениеводство. Цветоводство / Т. А. Соколова, И. Ю. Бочкова. – М.: Academia, 2004. – 427 с.
8. David Austin. Handbook of Roses 2011\12 European Edition. –120 p.
9. Клименко З.К., Зыкова В.К., Кузменко Д.К., Кравченко И.Н. Краткие результаты изучения сортов роз Д. Остина с целью культивирования на юге России //Субтропическое и декоративное садоводство: сб. науч. тр. /ФГБНУ ВНИИЦиСК, 2017. Вып. 63. С. 38–44.